

МРНТИ 16.21.00

А.Д. Серікбаева

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері

**ЛАТЫН ӘЛІПБИІМЕН ТАҢБАЛАНҒАН ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫ:
1931 – 1940 ЖЫЛДАРҒА ШЕГІНІС**

Аннотация. Қазақ ономастикасы – қазақ халқының танымындағы, тұрмыс-тіршілігіндегі ғасырлар бойы жинақталған білімдер жүйесін сақтап келе жатқан ұлттық құндылықтарымыздың бірі. Осы құндылықтарымызды сақтап қалу, әрі қарай жалғастырудың кепілі – қазақ есімдерін, кісі аттарын, жер-су аттарын қазақ тілінің нормасына, емле ережелеріне сай дұрыс жазу, таңбалау.

Мақалада 1931 – 1940 жж. мерзімді басылымдардағы латын әліпбиімен жазылған қазақ антропонимдері мен топонимдерінің таңбалануы мәселесіне талдау жасалады.

Тірек сөздер: қазақ ономастикасы, ұлттық антропонимдік жүйе, кісі аттары, жер-су аттары, латын әліпбиі, емле ережелері, транслитерация, транскрипция, тілдік норма.

А.Д. Серікбаева

Младший научный сотрудник Института языкознания имени
А. Байтұрсынова

**КАЗАХСКАЯ ОНОМАСТИКА НА ОСНОВЕ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ:
ОТСТУПЛЕНИЕ В 1931 – 1940 ГГ.**

Аннотация. Казахская ономастика – одна из наших национальных ценностей, которая сохраняет накопленную веками систему знаний в познании, быте казахского народа. Залог сохранения и дальнейшего продолжения этих ценностей – правильное написание, маркировка казахских имен, антропонимов, топонимов в соответствии с нормами казахского языка, правилами правописания.

В данной статье анализируются проблемы правописания казахских антропонимов и топонимов, написанных на латинском алфавите в периодических изданиях в 1931-1940 гг.

Ключевые слова: казахская ономастика, национальная антропонимическая система, антропонимы, топонимы, латинский алфавит, правила правописания, транслитерация, транскрипция, языковая норма.

A.D. Serikbayeva

Junior researcher at the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov

**KAZAKH ONOMASTICS BASED ON THE LATIN SCRIPT:
CONCESSIONS IN 1931 - 1940**

Annotation. Kazakh onomastics is one of our national values, which preserves the knowledge system accumulated over the centuries in the knowledge and life of the Kazakh people. The key to the preservation and further continuation of these values is the correct spelling, marking of Kazakh names, anthroponyms, toponyms in accordance with the norms of the Kazakh language, spelling rules.

This article analyzes the spelling problems of Kazakh anthroponyms and toponyms written in the Latin alphabet in periodical editions in 1931 – 1940.

Keywords: Kazakh onomastics, national anthroponymic system, anthroponyms, toponyms, Latin alphabet, rules of spelling, transliteration, transcription, language norm.

«Жазу – мәдени мұра. Ол ең алдымен тіл мәдениетінің бүгінгісі мен ертеңгісін қамтамасыз етуге тиіс» деген М. Балақаевтың сөзі қазақ ономастикасы саласының өзекті мәселесіне айналып отыр. Яғни қазақ есімдері мен жер-су аттарының қазақ әдеби тіл нормасына сай дұрыс жазылуы, таңбалануы, басқа тілдерге (орыс, ағылшын тілдеріне) дұрыс транслитерациялануы – күн тәртібіндегі мәселелердің бірі. Қазақ ономастикасы – өткен күн мен болашақтың жүгін арқалап келе жатқан сала. Қазақ кісі есімдері мен тарихи қалыптасқан жер-су аттары, аспан денелері аттары, т.б. ғасырлар бойы өз бойында тарихи-мәдени ақпараттарды сақтап келеді. Қазақ ономастикасы – қазақ халқының танымындағы, тұрмыс-тіршілігіндегі ғасырлар бойы жинақталған білімдер жүйесін сақтап келе жатқан ұлттық құндылықтарымыздың бірі. Осы құндылықтарымызды сақтап қалу, әрі қарай жалғастырудың кепілі – қазақ есімдерін, кісі аттарын, жер-су аттарын қазақ тілінің нормасына, емле ережелеріне сай дұрыс жазу, таңбалау.

Емле, яғни сауатты жазу мәселесі – қай кезеңде де тілді жазба түрінде пайдалану барысында дүниеге келетін талап, орфографиялық нормалар да – бүгінгі таңда қайта қарастырып сәттері бар және ол сәттер лексикалық, грамматикалық нормалармен ұштасып жататын іс-қарекеттер [1, 45].

Қазақ кісі аттарын, жер-су аттарын дұрыс жазуда қазақ әдеби тілінің нормасы, емле ережелері басшылыққа алынады. Қазіргі таңда өзекті болып тұрған қазақ емле ережесі туралы мәселелер өткен ғасырда да өзектілігін жоғалтпағанын қазақ зиялыларының еңбектерінен байқауға болады. Қазақ емле ережесі туралы Р.Сыздық былай дейді: «Қазақ емлесі мен сөзді дұрыс дыбыстауға қатысты күні бүгінге дейін орын алып келген қиындықтардың түп-төркіні 1929 жылы араб жазуынан лағынға, 1940 жылы латыннан криллицаға көшкен кезде әрі қауыртықтан (екі сәттің де саясат тоқпағынан «от ала келгендей») тездікпен орындалғанын білеміз), әрі сол кезде тіл, жазу, сөзді дұрыс айту мәдениеті дегендердің ғылыми танымдары қалыптаса қоймағандығынан туған жайттарда жатқанын айту керек. Тіпті бұл күндердің өзінде тіл мәдениетінің, оның өзекті проблемасы – норма дегеннің теориялық негіздері түгел қаланып, практикалық шешімдері түгел жүзеге асып болған дей алмаймыз» [1, 49].

С.Аманжолов әліпби тарихы жайында мынадай мәлімет айтады: «Араб әліппесін жамаудан түк шықпайтынын, латынға көшудің керектігін XIX ғасырда Персияда бірінші рет қойған Малкомхан болса, түркі системалы тілі бар халықтар ішінен эзербайжандық жазушы-драматург Мирза Фетх-Али Ахундов (1863) деген адам болды. Бірақ олардың заманында бұл сияқты ірі реформаға жол берілмейтіні мәлім ғой. Араб әліппесі қанша кесірі болса да, көп заман қолданылып келді. 1922 жылы Октябрь революциясының артынан-ақ, Әзербайжанда араб әліппесіне қарсы қозғалыс қайта басталады. Мұны бастаушы революционер, большевик Ағамалы оғлы деген адам болды. Мұның идеясы бүкіл Советтер Союзындағы елдерге, оның ішінде біздің қазақ еңбекшілеріне келіп жетеді.... 1926 жылы Бакуда бүкіл түркі системалы тілі бар елдердің бүкіл Союздық съезі болды. Мұндағы күрделі мәселенің бірі – латын әліппесіне көшу мәселесі еді. Съезге қатынасушы ұлтшылдар мейлінше қарсылық пікірлерін айтты. Бірақ Совет оқымыстыларының көпшілігі болып, латын әліппесін қуаттап, қарсы алды. Қаулыда: «латын әліппесі прогрессивтік нәрсе, оның алынуы, оның іске асу жағы жергілікті жерлерде қарастырылып, баспалардың тәжірибелері пайдаланылсын...» деген еді. Ұлтшылдар латын әліппесін алдыртпау жағын ерекше қадағалады. Осының салдарынан да біз латын әліппесіне басқалардың көбінен кейін көштік (1929 жыл, январь)... Араб әліппесінің қиыншылықтары, ауырлықтары, азаптары арқасына батқанның бірі болған қазақ еңбекшілері

1929 жылы латынға көшіп, көзі жарқ етіп ашылғандай болды. Бірақта бұл көшудің өзінде де кемшіліксіз болғанымыз жоқ» [2, 248].

Жұмысымыздың материалы ретінде 1931 жылы шыққан «Әйел теңдігі» журналынан және 1940 жылы шыққан «Социалистік Алтай» газетінен антропонимдер мен топонимдердің латын әліпбиі бойынша жазылуын қарастырдық.

1931 жылы шыққан «Әйел теңдігі» журналының №1-2-3 нөмірлерінде пунктуацияға аса мән берілмеген. Журналдағы мақалаларда бас әріп мүлдем кездеспейді. Жалқы есімдердің барлығы кіші әріппен жазылған. Бұлайша жазу үрдісі араб жазуының әсерінен болуы мүмкін. Араб жазуындағы тыныс белгілер жайында Р.Сыздық мынандай пікір айтады: «Жазба мәтіндерде тыныс белгілерінің ережелерін түзу (жасау) және оны пайдалану проблемасы қазақ мәтіндерінде ХІХ ғасырдың соңғы онжылдықтарында көтеріліп, ХХ ғасырдың басында дұрыс, сауатты жазу үшін пунктуация өте қажетті проблема екендігі орнықты. Араб таңбалы жазуда тыныс белгілерінің жоқ болғандығы, бас әріп таңбасының жоқтығы мәтінді дұрыс жазуға, түсініп оқуға кедергі келтіретіндігі сөз болды. Әсіресе «Түркістан уалаяты» мен «Дала уалаяты» газеттері жарық көре бастағанда, тыныс белгілерін қолдану әрекеті басталды. «Синтаксистік тұтастық» (период) деп аталатын мәтін сегменттерін (бөліктерін) айырып, азат жолдан (абзацтан, жаңа жолдан) бастап жазу да осы кезде көрінді. А. Байтұрсынұлының оқулықтары мен еңбектерінде, ХХ ғасырдың басында шығып тұрған «Қазақ», «Айқап» газеттерінде кеңінен орын алды. Араб жазуымен ұсынылған мәтінде орын алмаған (және орын алуы мүмкін де емес) мәселе – бас әріптің қолданылуы болып қала берді, сондай-ақ дефис пен сызықшаның қолданысы, оқшау сөздердің сөйлемдегі өзге сөздерден тыныс белгілерімен, көбінесе үтірмен бөлектетіліп көрсетілуі сияқты пунктуацияның жеке тұстары да әлі айқындалып, тұрақталмағандығы көрінді»[3].

Журналда барлық сөйлемдер кіші әріппен басталғанымен, мақала мәтініндегі жаңа логикалық ой азат жол арқылы бөлініп отырған. Ал журналдың №11-12 нөмірлерінде кісі аттары, жер-су аттары, жалпы жалқы есімдер бас әріппен беріліп отырған.

1929 жылы қабылданған латын әліпбиінде сөздердің жуан не жіңішке айтылуына байланысты қабылданған *ij, ej, iv, uv* қос дыбыстар біраз дау тудырған. Кейінірек бұл қос дыбыстар бір ғана «*i*», «*u*» таңбаларына ауыстырылды.

«Әйел теңдігі» журналында *ij, ej, iv, uv* қос дыбыстармен жазылған антропоним, топонимдер кездеседі: *nurim kelini qazьjna, Qanarьja* әйелі Вәвис, *ijbano* basnesen, *vəku*.

Журналдың аталған нөмірінде *Çetpısraj qьzь* және *Çetpısbaј qьzь* деп екі түрлі жазылған, яғни алғашқысында «*p*» (*n*) таңбасымен берілсе, соңғысында «*v*» (*b*) таңбасымен берілген.

«Әйел теңдігі» журналы, 1931 ж., №1-2-3

Антропоним	Кирилл жазуы бойынша транскрипциясы	Қазіргі кирилл жазуы бойынша транскрипциясы
devətulь	дебәт ұлы	Дәбәтұлы
əvdikərimkelini. q.	әбдікәрім келіні қ.	Әбдікәрім келіні Қ.
naoʃajkelini	нағай келіні	Нағай келіні
Nurimkeliniqazьjna	нүрім келіні қазыйна	Нұрым келіні Қазина
toqtaʋajulь	тоқтабай ұлы	Токтабайұлы
əter ulь	өтеп ұлы	Өтепұлы

«Әйел теңдігі» журналы, 1931 ж., №11-12

Антропоним	Кирилл жазуы бойынша транскрипциясы	Қазіргі кирилл жазуы бойынша транскрипциясы
Aqьmet ulь	Ақымет ұлы	Ахметұлы
Baјmaoʃamvet əjeli	Баймағамбет әйелі	Баймағамбет әйелі
Çajmardan kelini Zaoʃьja	Шаймардан келіні Зағыйла	Шаймардан келіні Зағила
Çajsultan qьzь	Жайсұлтан қызы	Жайсұлтанқызы
Çangeldi ulь	Жангелді ұлы	Жангелдіұлы
Çetpısbaј qьzь	Жетпісбай қызы	Жетпісбайқызы
Çetpısraј qьzь	Жетпіспай қызы	Жетпісбайқызы

Coldavaq әjeli	Жолдабақ әйелі	Жолдабақ әйелі
Çolman qызь	Жолман қызы	Жолманқызы
Çumaqul qызь	Жұмағұл қызы	Жұмағұлқызы
Çyргенвај әjeli вәдесе	Жүргенбай әйелі Бәдесе	Жүргенбай әйелі Бәдесе
Egir	Егір	Егір
Galacөkin	Галашөкін	Голошөкин
Кенçевек әjeli	Кенжебек әйелі	Кенжебек әйелі
Mәrjam	Мәриам	Мәриам
Qalavaј kelini	Қалабай келіні	Қалабай келіні
Qalavaј kelini	Қалабай келіні	Қалабай келіні
Qanapъja әjeli Bәvis	Қанапыйа әйелі Бәбиш	Қанания әйелі Бәбиш
Qultajәjeli Tұrымca	Құлтай әйелі Тұрымша	Құлтай әйелі Тұрымша
Qығcигit kelini Sylkylke	Қыржігіт келіні Сүлкүлке	Қыржігіт келіні Сүлкүлке
Sәрsemвај әjeli	Сәрсембай әйелі	Сәрсембай әйелі
Tөlegen әjeli Bevarap	Төлеген әйелі Бебарап	Төлеген әйелі Бебарап
Tөlek ulъ	Төлек ұлы	Төлекұлы
Әбекен qызь	Әбекен қызы	Әбекенқызы
Әsem kyl	Әсемкүл	Әсемкүл
Өтевај	Өтебай	Өтебай
Өтеp qызь	Өтеп қызы	Өтепқызы
Өтеp qызь	Өтеп қызы	Өтепқызы
Ыsaulъ Oraz	Ыса ұлы Ораз	Исаұлы Ораз

Берілген кісі аттарының тізімінен байқағанымыз, 1931 жылы кісі есімдерін жазуда ер кісі есімін жазғанда *ulъ-ұлы (өтеp ulъ, toqtavaј ulъ, Çangeldi ulъ, Aqъmet ulъ)* деп көрсеткен, ал әйел адамның есімін жазуда қызы не әйелі, не келіні (*Çetpispaj qызь, Çumaqul qызь, Әбекен qызь, Çolman qызь, Çyргенвај әjeli вәдесе, Çoldavaq әjeli, Sәрsemвај әjeli, Bajmaqamvet әjeli, әvdikәrim kelini. q., naçaj kelini, Qalavaј kelini, Çajmardan kelini Zaçъjla*) деп көрсетіп отырған. Қазіргі кезде кісі аттарында «ұлы», «қызы» бірге жазылып жүр. Ал «келіні» сөзі ресми сипаттан гөрі, ауызекі сөйлеу стилінде көп қолданылады.

«Әйел теңдігі» журналы, 1931 ж., №1-2-3

Топоним	Кирилл жазуы бойынша транскрипциясы	Қазіргі кирилл жазуы бойынша транскрипциясы
вәкуv	бәкуу	Баку
Leuingirat	леуінгірат	Ленинград
Maqансь	мақаншы	Мақаншы
Mәскеv	мәскеу	Мәскеу
qazaqъstan	қазағыстан	Қазақстан
Qостanaј	қостанай	Қостанай
Stalingirat	сталингірат	Сталинград
«Әйел теңдігі» журналы, 1931 ж., №11-12		
Almatъ qalась	Алматы қаласы	Алматы қаласы
Aғыs ауданъ	Арыс ауданы	Арыс ауданы
Maqtаль ауданъ	Мақталы ауданы	Мақталы ауданы
Qaskelenъ kәmуvнасъ	Қаскелең кәмуунасы	Қаскелең коммунасы
Qazaqъstan	Қазағыстан	Қазақстан
Sozaq ауданъ	Созақ ауданы	Созақ ауданы
Temir ауданъ	Темір ауданы	Темір ауданы

1941 жылы шыққан «Социалистік Алтай» газетіндегі кісі аттарына келсек, бұл жылы шыққан мақалаларда кісі аттарының көбі қазіргі қазақ әдеби тілінің нормасына сай латын әліпбиі бойынша жазылған. 1940 жылғы латын әліпбиі 1931 жылғы баспасөз беттеріндегі латын жазуына қарағанда едәуір жеңілдетілген. 1940 жылғы латын жазуларында қос дыбыстар мүлдем кездеспейді, оларды (қос дыбыстарды) «i», «u», «y» таңбаларымен алмастырған. Есесіне қазіргі таңда қолданыста жүрген «x» (x), «v» (v) таңбалары енгізілген. 1931 жылы қазіргі қазақ тіліндегі «y» таңбасының рөлін атқарған «v» 1940 жылы «v» таңбасының орнына қолданылған.

1940 жылғы «Социалистік Алтай» газетіндегі мақалаларда кездесетін кісі есімдері 1931 жылғы мақалаларда кездесетін кісі есімдеріне қарағанда айтарлықтай айырмашылықтар бар. 1940 жылғы мақалаларда орыс тілінен енген *-ov, -ev, -ova, -eva* (*-ов, -ев, -ова, -ева*) фамилия жасаушы аффикстер жаппай қолданыла бастаған. 1931 жылғы мақалаларда мұндай фамилия жасаушы аффикстер мүлдем кездеспейді. Бұл факт орыс тілінің фамилия жасаушы аффикстері қазақ есімдер жүйесіне 1940 жылы «мықтап еніп» алғанын көрсетеді. Бұл кезеңде орыс тіліндегі әке атын жасаушы *-ович, -евич, -овна, -евна* аффикстері мақалада кездеспейді. Қазіргі кезде қазақ азаматтары КСРО кезінде ата-анасының, өзінің құжаттарында тегі (фамилиясы) мен әкесінің аты *-ов, -ев, -ова, -ева, -ович, -евич, -овна, -евна* аффикстерімен жазылғандықтан, осы аффикстерден өз еріктерімен бас тартып, тегі мен әкесінің атын қазақ ұлттық есімдер жүйесінде қалыптасқан дәстүр бойынша қайта рәсімдетіп жүр.

Социалистік Алтай, 1940 жыл

Антропонимдер	Кирилл жазуы бойынша транскрипциясы	Қазіргі кирилл жазуы бойынша транскрипциясы
Avlqasimov	Абілқасимов	Әбілқасымов
Al'syogazovAbdolla	Алшығоразов Абдолла	Алшығоразов Абдолла
Al'p'svbaev	Алпысбаев	Алпысбаев
Aqsaqov	Ақсақов	Ақсақов
Baikenov – 2 бет	Байкенов	Байкенов
Baimenov Myz'zac	Майменов Мырзаш	Майменов Мырзаш
Balqavaibv'vgaev	Балқабай Ыбыраев	Балқабай Ыбыраев
Baumūqanov	Баумұқанов	Баумұқанов
Bəširov	Бәшіров	Бәшіров
Šaiaxmetov	Шайахметов	Шайахметов
Šekenov	Шекенов	Шекенов
Šiembaev	Жиёмбаев	Жиёмбаев
DaigabaevQūlatai	Дайрабаев Құлатай	Дайрабаев Құлатай
DemeuovManaspai	Демеуов Манаспай	Демеуов Манаспай
Ertjsbaev	Ертисбаев	Ертисбаев
Isavekov	Исабеков	Исабеков
ItraevQūseit	Итраев Құлсейт	Итраев Құлсейт
Kurkebaev	Куркебаев	Куркебаев
M. Šunjsov	М. Жүнісов	М. Жүнісов
MaianovNūrmaqan	Майанов Нұрмақан	Майанов Нұрмақан
MaqzūmbekovTapan	Мақзұмбеков Тапан	Мақзұмбеков Тапан
Mūrzaliev	Мұрзалиев	Мұрзалиев
Mūxamedžanov	Мұхамеджанов	Мұхамеджанов
Mūxametov	Мұхаметов	Мұхаметов
NarγmbaevBeisemvai	Нарымбаев Бейсембай	Нарымбаев Бейсембай
QaimoldenZiada	Қаймолден Зиада	Қаймолден Зиада
Qaliev	Қалиев	Қалиев
Qarsaqpai	Қарсақпай	Қарсақпай
Qūsaib'nov	Құсайынов	Құсайынов
Qūstaubaev	Қыстаубаев	Қыстаубаев
Savygvaeva	Сабырбаева	Сабырбаева
Salyqbaev	Салықбаев	Салықбаев
Sapiev	Сапиев	Сапиев
Serj'kbaevSamat	Серікбаев Самат	Серікбаев Самат
Smaqūlov	Смағұлов	Смағұлов
Syleimenov	Сүлейменов	Сүлейменов
Toxataev	Тохтаев	Тохтаев
Toxmetov	Тохметов	Тохметов
Tūrqambaev	Тұрдамбаев	Тұрдамбаев
Təleuvaev	Төлеубаев	Төлеубаев
Ə. Vjtkembaev	Ә. Біткембаев	Ә. Біткембаев
Ə. Qazaqbaev	Ә. Қазақбаев	Ә. Қазақбаев

Ә. Тәжібаев	Ә. Тәжібаев	Ә. Тәжібаев
Әвдиев	Әбдиев	Әбдиев
Әбилденұв	Әбилденұв	Әбилденұв

1940 жылғы «Социалистік Алтай» газетіндегі мақалаларда кездесетін жер-су аттарының транскрипциясы қазақ тіліндегі жер-су аттарының қазіргі кездегі таңбалануымен сәйкес келеді. Дегенмен, 1940 жылғы мақалаларда жер-су аттарын латынша таңбалауда орыс тілінің ықпалы көрініп тұр. Күні бүгінге дейін орыс тілінде бұрмаланып жүрген қазақ тіліндегі тарихи жер-су аттарының бұрмалану үдерісі сол кезден бастау ала бастағанға ұқсайды. Мақалаларда *Alma-ata qalası, Bolce-Narın, Sarı-өзек* сияқты атаулардың таңбалануында орыс тілінің ықпалы сезіледі. Жалпы қазақ тілінің емле ережелеріне қапысты сол кезде С.Аманжолов жер-су аттарына байланысты дұрыс жазу ережелерін ұсынған. «Қазақстанның географиялық атаулары транскрипциясының негізгі ережелері» жобасында: «Составные нерусские названия географических объектов Казахстана (казахские, узбекские, киргизские, уйгурские, туркменские, татарские, башкирские, калмыцкие, дунганские, корейские, немецкий и др.) во всех случаях пишутся слитно. Например: Всегда пишется Атбасар, Тарбагатай, а не Ат-Басар, Тарбага-Тай. Соответственно нужно писать Актау (Ақтау), Каракум (Қарақұм), Сарысу, а не Ак-Тау, Кара-Кум, Сары-Су (и не Ак-тау, Кара-кум, Сары-су)» [2, 317] деп көрсеткен.

Социалистік Алтай, 1940 жыл

Топонимдер	Кирилл жазуы бойынша транскрипциясы	Қазіргі кирилл жазуы бойынша транскрипциясы
Ассьсаі	Ашшысай	Ащысай
Alma-ataqalası	Алма-Ата қаласы	Алматы қаласы
Алтай	Алтай	Алтай
Ақтөве	Ақтөбе	Ақтөбе
Валқас	Балқаш	Балқаш
Волсе-Нарын	Болше-Нарын	Үлкен Нарын
Сапон	Жапон	Жапон
Сымкент	Шымкент	Шымкент
Емба	Емба	Ембі
Ертис	Ертис	Ертис
Германия	Германия	Германия
Гуансипровинсиасы	Гуанси провинсиасы	Гуанси провинциясы
Канибадамқаласы	Канибадам қаласы	Канибадам қаласы
Ленинабад	Ленинабад	Ленинабад
Мәскеу	Мәскеу	Мәскеу
Қарақандь	Қарағанды	Қарағанды
Қытай	Қытай	Қытай
Сары-өзек	Сары-өзек	Сарыөзек
Сталинабад	Сталинабад	Сталинабад
Хуанхе	Хуанхе	Хуанхе
Зайсан	Зайсан	Зайсан
Зырян	Зырян	Зырян
Тәжікстан	Тәжікстан	Тәжікстан

Қорыға келгенде, кісі есімдерін, жер-су аттарын жазуда 1931 жылғы латын әліпбиі мен 1940 жылғы латын әліпбиінің арасында едәуір айырмашылықтар бар. 1931 жылғы латын әліпбиінің кемшіл тұстары көп болғанымен, қазақ ұлттық есімдер жүйесіндегі дәстүр жалғастығы сақталған. Яғни кісі аттарын жазғанда *иль-ұлы (өтер иль, тоқтавай иль, Çangeldi иль, Ақымет иль)*, қызы, әйелі, не келіні (*Çetpispaj қызь, Çытақұл қызь, Әвекен қызь, Çолман қызь, Çургенвай әжели вәдеце, Çoldavaq әжели, Сәрсемвай әжели, Баймақамбет әжели, әвдикәрим келіні. қ., наққай келіні, Қалавай келіні, Сајмардан келіні Зақәјла*) деп көрсетіп отырған. Топонимдерді де жазуда тарихи қалыптасқан жер-су аттары бұрмаланбай, сол күйінде

жазылған. 1940 жылғы мақалаларда латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуы анаұрлым жетілдірілгендігі, толықтырылғандығы көрініп тұр. Дегенмен, осы тұста мақалаларда қазақ азаматтарының ағы-жөндерінде орыс тілінен енген *-ov*, *-ev*, *-ova*, *-eva* (*-ov*, *-ev*, *-ova*, *-eva*) фамилия жасаушы аффикстер жаппай қолданыс тапқан. Жер-су аттары орыс тілінің әсерінен бұрмалана бастаған, екі сөзден бірігіп жасалған топонимдерді дефис арқылы жазу белең алған. 1940 жылдағы латын әліпбиі 1931 жылғы латын әліпбиіне қарағанда қолданылу жағынан қолайлы екендігі байқалады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: Ел-Шежіре, 2014. 203 б.

[2] Аманжолов С. Тіл және жазу. Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2005. 404 б.

[3] Сыздық Р. Байтұрсынов жазуы және емле ереже тарихы. [Электрон ресурс]. (Жүгіну уақыты: 25.10.2015). <http://adebiportal.kz/bayt-rsynov-zhazuy>.